



## МЕНИҢ ОТАНЫМ!



Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы,  
Шетпе селосы, Алышын Меңдалыұлы  
атындағы орта мектептің  
2 сынып оқушысы Манарбекұлы Рауан  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі  
Шамшадиева Эльмира

Менің Отаным Қазақстан. Менің астанам - Нұр-Сұлтан қаласы. Ол үлкен қала. Қазақстанда өте әдемі қалалар бар. Біз көп ұлтты мемлекетпіз. Біз басқа мемлекеттермен доспыз Менің елімнің табиғаты көркем. Онда қалың ормандар мен терең көлдер, өзендер бар.

Мен өзім туып өскен ауылым Шетпені мақтан етемін. Ауылымыздың іргесінде Отпантау, Шерқала деген тарихи жерлер бар. Қаламыз, орталығымыз – Ақтау қаласы. Каспий теңізімен мақтанамыз. Онда балықтың түрі бар.

Мен туып өскен ауылымды мақтан етемін!

## АЯУЛЫ МЕНИҢ АНАШЫМ

Маңғыстау облысы, +Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Алышын Меңдалыұлы атындағы орта мектептің 2 сынып оқушысы  
Еркінұлы Ахмедияр  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі Шамшадиева Эльмира



Ана- әлемдегі ең асыл, әрі ардақты жан. Оның шуақты жүзі мейірімге, нұрға толы. Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді. Яғни, сәбиі үшін ештеңеден аянып қалмайды. Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай перзентінің амандығын тілеп өтеді. Сол себепті әр адам өз анасын құрметтеуге, қадірлеуге тиіс.

Бұл дүниеде ананың аялы алақанынан артық не бар. Сондықтан да мен өз анамды өте қатты жақсы көремін. Мен үшін одан асқан асыл адам жоқ.

Менің анам әлемдегі ең сұлу, ақылды, мейірімді, ақ жарқын жан. Ол мен үшін ең қымбат, әрі ең ерекше тұлға.

Оның әрбір сөзі алтынмен тең. Әлемдегі әр бала өз анасын құрметтеуге міндетті.

Біз аналарымыздың көңіліне кірбің түсірмеуге, айтқан тілін алуға, мақтаншы болуға тиіспіз.

Мен анамды әрқашан құрметтеп, сыйлаймын. Анамды әрдайым аялап, қадірлеп өтемін.

Анам менің анашым,  
Сен әрқашан панасың,  
Нұрлы жүзің жарқырап,  
Қуанып шаттанасың.

## КӨКТЕМ



Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Алышын Меңдалыұлы атындағы орта мектептің 3 сынып оқушысы  
Жәнібекұлы Бағылан  
Жетекшісі: Ақмолдина Айзада

Міне, көптен күткен көктем мезгілі де келіп жетті. Күн де ұзарып, балақайлар ойынға қанықты. Табиғат - Ана оянып, жер бетіндегі барлық тіршілік иелері жанданды. Жәндіктер мен хайуанаттар қысқы ұйқыдан оянып, тіршілігін бастады.

Жарқын да шуақты күннің көзі молайып, барлық адамға қуаныш сыйлайды. Жыл құстары тізбектеле оралып, жер бетіне көк шықты, жеміс ағаштары бүр жарды.

Көктемгі еңбек қызу үстінде. Барлық аулада тазалық жұмыстары басталып, көшеттер отырғызылады, егін салынады. Көктемнің сұлулығы мен ерекшелігі міне осында. Мен көктем мезгілін ерекше ұнатамын.

## КІТАП-ЖАН АЗЫҒЫ

Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
4 сынып оқушысы Асылбек Айкерім  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі  
Беккожина Бакыт Жангирхановна

Кітап сарқылмас рухани қазына, білім кітап арқылы беріледі. Біз кітаптан білім аламыз. «Кітап – білім бұлағы» демекші кітапты көп оқыған адамның жүзі жарқын болады. Оқығанды түсіндіре алуымыз керек. Әр сөздің мағынасын жете ұғынып, нақты, дәл айта алу – әр адамның міндеті. Кітапханаға барғанда кітапты дұрыс таңдау, әр баланың талғамына сай кітапханашы кітапты таңдап беру қажет.

Кітапты ұқыпты ұстап, жүрегіне жағатын сөйлемдерді қойын дәптерге жазып жүрген абзал. Кітап оқыған бала-зере, сауатты, тіл орамды болып өседі. Тіл байлығымыз даму үшін көркем әдебиеттерді көп оқуға тиіспіз. Сондықтан кітапты көп оқиық, достар!

## АРДАҚТЫ АНАШЫМ

1 сынып оқушысы Рахметов Құрмет  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі  
Беккожина Бакыт Жангирхановна

Дүниедегі ең жұмсақ нәрсе, ол – анамыздың аяулы алақаны. Мен анамның қалауын әрқашан орындаймын. Себебі ол маған ешқашан жамандық тілемейді. Көзіне мейір тұнған сол бір аяулы жан қазіргі күнге дейін мені бағып-қағады. Ал мен келешекте анамды асырап, маған бола тер төккен күндерін ақтап, ол үшін мен де аянбай еңбек еткім келеді. Ол үшін сабағымды жақсы оқимын. Жоғары оқу орнында білім алып, жақсы мамандық иесі боламын. Содан кейін анашыма көмек жасап, жұмыс істетпеймін. Дүниедегі ең керемет те, ең сұлу да – аналарымыз.

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
6 сынып оқушысы Бегешова Самалбике  
Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Мұратбаева Рысқұл Жүсіпқызы*

«Мұғалім – мектептің жүрегі, ол күннің құдіретті сәулесі секілді», -деп К.Д.Ушинский айтпақшы, қандай заманды бастан өткерсек те, өзгермейтін, бағасы ешқашан арзандамайтын бір ұлылық бар. Ол – ұстаз әлемі, ұстаз ұлылығы. Ел баласының қамын жеп, сәулелі жұлдыз іздеген жандар шоғыры сонау Ыбырай, Ахмет сынды ұлт тарландарының тұсында-ақ: «Қараңғылық жойылсын!», -деп ұрандап, байтақ қазақ даласын білімі көлеңкеліктен құтқарудан басталған. Надан молданың шыбығынан арылып, нұрлы жолдың көші басталысымен қазақ сахарасына «Ұстаз» түсінігі кеңінен тарай бастаса керек.

Заманауи түсінікке салсақ, «Мұғалім», «Ұстаз» сөздерінің түсінігі өзгеше ажыратылады. Иә, ол – шындық, кез келген білімді адам мұғалім бола алады, ал ұстаз атану – екінші біріне беріле салмайтын қасиет. Ұстаз болу – тұла бойдағы ұстаздықтың нәтижесі, ал ұлағатты ұстаз деп кімді атаймыз? Ел баласының ертеңін ойлаймын деп, өз баласының жанына терең үңілуге уақыт таппайтын, алтын басына ақ түсірген жанды ұстаз деп тануға болады.

Ұстаздықтың бірінші сипаты – батыл бейне. Шәкірт санасына үлкен із қалдыру үшін, ең алдымен білім керек. Көкіректе ой самсап тұрғанымен, оны жеткізетін сана болмаса, ұстаз дәрісі далаға аққан судай емес пе?

Екінші сипаты – білімді жан. Әр баланы өзінің баласынан кем көрмей, нұрлы жүзбен бауырына басқан мұғалім ғана шәкіртке сүйікті жан бола алады. Бала тағдыры тек жарқын сәттерден емес, ағаттықтардан да тұрады. Өз шәкіртінің әр ісіне байыппен қарап, бала тілін таба білу арқылы оқушы қателігінің сырынғт ұғынуға болады. Бұл – ұстаздың үшінші сипаты.

**Әрқашан ұлағатты ұстаздар өмір жолымызда мол жолықсыншы!**

## ДОБРОТА СПАСЕТ МИР

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
8 сынып оқушысы Сулейменов Даулетжан  
Жетекшісі: орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Серикова Гулшат*

Доброта-это очень прекрасное качество, которым должен обладать человек. Добрые люди всегда окажут помощь тому, кто в ней нуждается. Были время, когда люди делились последним куском хлеба. Люди сдают кровь, чтобы помочь больным в тяжелую минуту. Вот это настоящая доброта.

В последнее время все меньше и меньше людей, обладающих добротой. Некоторые люди безразлично относятся к проблемам и бедам других людей. Они заняты своими делами, своими заботами. Телефоны, компьютеры заменили наше человеческое общение. Компьютер сделал нас зависимым, поэтому необходимо чаще задумываться над этим.

Доброта делает людей счастливыми. Чем больше мы делаем добра, тем мы становимся счастливее. Если каждый из нас делает хоть чуть-чуть, всем от этого будет лучше. Если мы замечаем на улице лежащего пьяного человека, остановится хоть один человек, взглянет ему в лицо, и другие люди начинают подходить предлагать помощи. Значит, добро имеет свойство распространяться, добро согревает наши души.

Добрый человек не пройдет равнодушно мимо бездомной собаки или котенка, он обязательно их кормит. Если нет еды, он приласкает животное. Животным в первую очередь нужна ласка, забот и внимание. Мир так устроен: делаешь добро, оно возвращается к тебе.

За добро не нужно ждать благодарности. Так сказал великий Омар Хайям: «Если ты за добро благодарности ждешь, ты не даришь его- ты его продаешь». Совершать добрые дела так приятно. Добро – это волшебная сила, которая борется с жестокостью и равнодушием.

Я уверен, что каждый из нас может попасть в тяжелую ситуацию. В добре нуждается все, не только люди. Добро нужно животным и растениям, воде, Земле.

Мир без добра-это не мир. Поэтому человек не может жить без добра. Жизнь без добра будет злой и жестокой. Недаром народная пословица гласит: «Твори добро, и оно к тебе вернется». Я уверена, что не красота, а именно доброта спасет мир!»

Жизнь так коротка, поэтому как сказал русский писатель А.П.Чехов: «Спешите делать добре дело!»

## ҚОЛӨНЕРДЕ ЖҮНДІ ПАЙДАЛАНУ

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
6 сынып оқушысы Бейнеубайқызы Ақсымбат  
Жетекшісі: технология пәні мұғалімі  
Құлмурзаева Баршагуль Бухарбаевна*

Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізат түрі — жүн. Оның табиғаттық қасиетіне зер салып, тиімділігі мен күнделікті тұрмыста қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әдемілік жағына да көңіл бөлінді. Бүгінге дейін дәстүрлі қолөнер түрі – киіз басу.

Бұл көне заманнан бері әйгілі. Бұрын киізді қара немесе ақ түсті етіп басқан, соңғы кезде оюлап басу кеңінен тарап кетті. Жүннің пайдалы да, сонымен қатар зиянды жақтары да бар. Жүннен жасалған бұйым, әрине, жылы, төзімді келеді. Ал гигиена тұрғысынан қарағанда – шаң, ауа өткізгіштігі төмен. Бірақ қазақтың киіз басу өнері жойылған жоқ.

Киіз ерте кезден қазақ тұрмысында киіз үй мүлкінің бірі болып есептелсе, қазірдің өзінде де маңызы жойылған жоқ.

Киіз – арнаулы қарапайым өрнек арқылы ерекше түр салынып, ал өнбойына бір миллионға жуық жіп тіндерін кетіріп өте тығыз тоқылатын аса бағалы бұйым. Жазбаша ескерткіштерге қарағанда, бұрынғы замандарда киіз үйдің ішінен ұстап, еденіне төсеумен бірге, киізді киіз үйдің туырлық пен үзігі орнына да жапқан.

Киіздің үй тұрмысында ұзақ тұтынылуы, оның өте беріктігі мен төзімділігіне байланысты болса керек. Өйткені, киізді тұтынуға төзімді, оңайлықпен тозбайтын, жыртылмайтын, шаң-тозаңнан тез тазартылатын, ылғалдық пен құрғақшылықты елең қылмайтын аса бағалы мүлік.

## ӘЖЕ ӘЛДИ – ӘЛЕМДЕГІ ӘДЕМІ ӘН

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
8 сынып оқушысы Бегешова Самалбике  
Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Жусупова Бибиғұл Талапбаевна*

Әже - әлемдегі ниетті абзал, ең мейірімді жан.

Алғашқы ойымды әже мен немере арасындағы үзілмес сезімнен бастағым келеді. Ол құдіретті сезімді айтып жеткізу қандай керемет десеңші! Осы ардақты әжелер жайлы талай ақын жыр толғады. Бұған дәлел ретінде:

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,

Өліге мен өзіңді телімегем, - деп Мұқағали ақын сағынған асыл әжесіне сырлы сезімін жырмен шебер өрнектелген. Бұл сөзден әжесінен айырылса да, немеренің сарқылмас сағынышы мен махаббаты сезіледі. Әжесінің бұл дүниеде жоқ екендігін білсе де, оны өлді деуге жүрегі қимайды.

Ақын Қадыр Мырза Әлиде әжесіне жыр арнап:

Асыл әжем, ғасыр әжем, аңсаған.

Сағыныш сары ормандай самсаған.

Әке болып жүргенімді ұмытып,

Әлі күйге еркелеймін мен саған,- деп сезім жылуын, сүйіспеншілік сезімін жеткізген. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, әжесін шексіз сүйген ақындар жүрегінің сарғайған сағынышы мендегі әжеме деген ыстық сезіммен астасып жатқандай!

Иә, әркімге де әже қымбат. Менің бар еркелігімді көтеретін әжемді жанымдай жақсы көріп өстім. Кішкентай кезімде әжемнің ертегісін естімей ұйқыға кетпеуші едім. Ешкімге айтпаған сырымды соған айтам, жұбанышты содан табамын. Міне, әже мен немере арасындағы үзілмес сезім деп осыны айтар едім.

Қазақ отбасында әженің орны ерекше болып саналады. Әже - өмірдегі ең ардақты да асыл адам.

### «ЖЕТІ ЖҰРТ КЕЛІП, ЖЕТІ ЖҰРТ КЕТКЕН» КИЕЛІ МЕНІҢ МАҢҒЫСТАУЫМ!

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
№7 мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы Танжарбаева Арай  
Жетекшісі: география пәні мұғалімі  
Сейлханова Догдырхан Жумахановна*

Қазақтың «Жеріңнің аты-бабаңның хаты» деген даналық сөзінде зор мағына жатыр. Мұны арқалы ақындарымыз С.Сейфуллин «Дүниеде әрбір бөлек жердің аты, Себеппен қойған бәрі елдің аты...»десе, ал Ж.Нәжімеденов «Мән бермеппін жер атына бұрын мен, Кездерім көп мән бермеуден сүрінген...» деп толықтыра түседі.

«Маңғыстаудың жері-тұнған тарих» немесе «оның әр тасында тарих жатыр». Сондықтан, ондағы жер-су атауларының тамыры – тым тереңде. Мұны дәлелдейтін деректер жеткілікті.

«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» кім-кімді де қызықтырып әкететін Маңғыстаудың жер-су аттарының әртекті болатыны бесенеден белгілі. Шындығында да, әр атау өзінше бір сыр шертеді.

Атаулар-халықтың тарихи жады,оның мұрасы. Маңғыстау халқы үшін «киелі жерлер» болып саналатын «Бекет ата», «Шопан ата», «Қараман атадан» басталатын

362 әулиеге байланысты жер-су аттары қандай қадірлі де талай аңызға арқау болған.

Маңғыстау-үш жүз алпыс екі киелі әулиенің қоныстанған мекені «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, осы қасиетті мекендерімізді жандандыру мақсатында туристік-өлкетану экспедициясын қолға алуымыз шарт. Маңғыстау мен Үстірт тарихи ескерткіштерінің үлкен бір тобын жер асты ғимараттары құрайды. Олар негінен өлкенің таулы өңірлерінде шоғырланған. Осынау объектілерді танымдық,білімдік,ғылыми және өзгеде мақсаттарға пайдалануға бағытталған туристік-өлкетану жобаларының, тарихи-мәдени сәулет объектілерімен байланысы туризмінің алуантүрлілігіне ықпал етеді. Танымдық бағытқа туристерді өте қызғылықты табиғат аумақтарымен, қоршаған жерге үйлесім тапқан өткен кезеңнің мәдениеті мен тарихының ескерткіштерімен таныстыру кіреді.

Көптеген туристер Қазақстанға тек табиғатымен, елдің тарихымен танысу үшін ғана емес, сонымен бірге халық арасындағы «киелі» деп аталатын ерекше орындарға да бару үшін келеді. Ал, Маңғыстау түбегі өзінің таңғажайып табиғатымен, дүние жүзіндегі ең ірі көлі-Каспийімен, тауларымен, тарихи-мәдени ерекшеліктерімен, байлықтарымен туристерді қызықтырады.

Ұлы Жібек жолында орналасқан 362 әулиелі Маңғыстау-өзге жерлерге ұқсамайтын, қайталанбас ерекше табиғатымен, құпияға толы қорымдарымен, жер асты мешіттерімен, тарихи-мәдени ескерткіштерімен талайды таң қалдырған ғажайып өлке. Сондықтанда аңызға толы бұл өлкені «аспан астындағы мұражай» деп бекер айтпаған.

Бұл өлкеге жасалатын жорық-саяхаттың түрлерін әртүрлі дәрежедегі белсенді экскурсиялық туризмге жатқызуға болады. Сонымен бірге мұнда табиғаттағы, таудағы, судағы, жағажайдағы, т.б туристік саяхат түрлерін ұйымдастыруға болады. Бұл өлкеде туризм нысандарға жататын тарихи терең табиғаты ғажайып жерлер жетерлік. Олар Қарақия ойпаты, Шерқала, Тамшалы аңғары, Қаратау таулары, Саура аңғары, Шуманай-Айрақты алқабы т.б.

Сонымен қатар өлкеде көп тараған сәулет және тарихи ескерткіштері - Шақпақ ата, Шопан Ата, Бекет ата, Қараман ата сияқты жерасты мешіттерінің танымдық, туристік маңызы зор. Менің дүниеге келген, кіндік қаным тамған туған жерімде осы туризм нысандарының барлығы кездеседі. Маңғаз далам Маңғыстауым, қасиетім киелім! Мен сені мақтан етемін!

### ТАЛАЙ АҢЫЗҒА АРҚАУ БОЛҒАН МАҢҒЫСТАУДЫҢ «АСПАН АСТЫ МҰРАЖАЙЫ»

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
№7 мектеп-лицейінің 7 сынып оқушысы  
Шамов Әнуар Құбайдоллаұлы  
Жетекшісі: география пәні мұғалімі  
Сейлханова Догдырхан Жумахановна*

Пір тұтатын бабалардың ұрпағы,  
Табиғаттың мұражайы маңғаз ел!

Маңғыстау даласында көз тоймайтын таңғажайып жерлер өте көп. Сондай тарихи тереңде жатқан жерлердің бірі Қараман ата жер асты мешіті. Талайды таңғалдырып келе жатқан Қараман ата жер асты мешіті — XII-XVII ғасырларға жататын діни сәулеттің бірі. Сәулеті келіскен мешіт Ақтаудан 90 шақырым жерде орналасқан.

Маңғыстау ауданының Шетпе кентінен 35 шақырым оңтүстік батыс бағытында, Қандыбас қыстағының батысында 5 шақырым жерде орналасқан. Қараман ата жер асты мешітінің ерекшелігі — жердің астына орналасқан. Қалған мешіттер бізде тауда орналасқан. Қараман ата немен белгілі десек, баяғыда біздің ата-бабаларымыз анттасқан. Ол жерде 12-13 ғасырға тән естерткіштер бар, — дейді өлкетанушы Марат Өтесінов. Жер асты мешіті үш бөлмеден тұрады: кіреберіс бөлме, оған жалғасқан намаз оқитын зал және Қараман ата жерленген дөңгелек бөлме. Мешіт тау шатқалының төменгі қабатынан табиғи үңгірлерді пайдалана отырып, ойып жасалған. Екі бөлменің төбесінен жарық түсетін дөңгелек терезелер ойылған. Қорым мен жер асты мешіті Маңғыстаудағы киелі орындардың бірі болып саналады.

Кей зерттеушілер «Қараман ата Есен атаның баласы, Шопан атаның немересі деп жазады. Барлық жағынан ол атасына тартып, көптеген кереметтер жасаған, Шопан ата моласына барар жолда мешіт тұрғызған. Қараман ата өмірден өткен соң, мешіттің жанында жерленген. Бірақ, нақты қай жерде екені белгісіз» дейді. Ал басқа аңыздарда Қараман ата мен Есен ата Шопан атаның балалары делінеді. Қараман атаны бүкіл халық құрмет тұтқан. Ол тіпті көзі тірісінде-ақ әулие атанған жан. Адасқанда тура жолға бастап, жастарды қолдап, желеп-жебеп отырған. Қараман ата жер асты мешіті — бағзы заманнан бері ант берісіп, ақ-қараны айыратын бірден-бір қасиетті де киелі орын. Маңғыстау адайларының тағдыры шешілген тарихи жер. Сондықтан да бұл орын тарихта әділдіктің орны ретінде белгілі. Бұл жерде күні бүгінге дейін халық келіп анттасып жатады дейді Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры Нұрлан Құлбаев.

Аңыздарға қарағанда Шопан-атаның баласы Исан-атадан туған Қараман-ата атасына қай жағынан да ұқсайтын құдірет иесі болған. Сол Қараман-атаның табан тіреп, алғашқы білім нәрін таратқан қасиетті орын, қазіргі оның атындағы үлкен қауым тазалық, адалдық анты өткізілетін жер болыпты. Ел мен елдің, ру мен ру арасындағы шешілмей дауға айналып бара жатқан, арты қантөгіске ұласар қиын мәселелерге осы жер тоқтау айтқан, тәубесіне келтірген. Бір-біріне кезенген найза төмен түсіріліп, қазір турап түсер қанды қылыш қынабына салынған. Өсектің өрті сөндірілген, кінәлінің бетіне қара дақ түсіп, ақтың жолы ашылған. Бірақ, бұл жерде біреу жеңдім деп тасымаған, мерейім үстем болды деп шашылмаған. Ұлы Құдіреттің ұлылығына ғана бас иген. Сондықтан да мұның басына келуге, әулиеден әділдік сұрауға кез келгеннің құлқы болмаған, жүрегі дауаламаған. Батагөй ақсақал абдырап төмен қарағанда, аузымен құс тістеген сұңғыла биді ешкім тыңдамай сөзі желге ұшқанда ғана осында келіпті. Ана әулиенің алдындағы шағын қауымда осындайда жолы болмаған, көңілі кір, қолы қаралы адамдар жатыр деседі. Олардың кім екенін де, не күнәсі үшін жатқанын да ешкім білмейді. Әлдеқашан өтіп кеткен уақыт үрдісіне шыдап, күні бүгінге жеткен құлпытастарды мүк пен қына басқан. Бізге жеткені берідегі түркмендер мен адайлар арасындағы анттасу. Ертеректе осы түбекті қатар жайлап, қатар өмір сүрген екі елдің арасындағы суын жылқыға бола басталған дау арты бітпес, түйіні шешілмес мәселеге айналыпты. Оның ақиқатына жеткенше талай-талай қантөгіс болып, талай боздақ ат жалын құшып өмірден өтіпті. Ақыры екі ел Қараман-ата басында анттасуға келісіпті. Ол кездегі үрдіс бойынша анттасуға

баратын адам оған өзінің ең қимасын апару керек екен. Түркмендердің талабы бойынша оған Қожаназардың кенже баласы Қошан апарылыпты. Қазылыққа құдіретіне екі ел бірдей бас иіп, мойынсұнған Бекет тағайындалыпты. Тоғыз жасар Қошанды шымқай қара киіндіріп, меңсіз қара атқа мінгізіп апарыпты.

Әулие басында Қошанды атқа отырғызып, ерінің басына біз шаншып:

— Уа, Қараман ата, біз айыпты десек - бізді ат, қара айыпты десек қараны ат, — депті.

Сонда қара ат табанда қатыпты, біз анадайға ұшып кетіпті. Мінген аты құлап бара жатқан Қошанды Бекет ата қолтығынан көтеріп алыпты.

— Бекет сен қандастарына тарттың, мұнымен келіспейміз, — деп түрікмендер шу көтеріпті.

— Онда ертең осы уақытта Қаразымның бойындағы Шекиаппар (Шейх-Күбіра) әулиесінде кездесейік, - деп Бекет аққуға айналып көкке көтеріліпті. Көз алдарындағы кереметті көрген түркмендер өздерінің артық кеткен қатесін түсініп, әулие алдында кешірім өтініпті деседі бізге жеткен аңыздар желісі.

Мұнан шығатын, қорытынды –Қараман –Ата Маңғыстау өлкесінің,аңыз өлкенің жанашыры!

Осынау мүлгіген иен далалы, қасиетті де киелі Маңғыстау табиғатының астарлы сыры таңғажайып.

Бір жағынан ақшағыл сусыма құмды тылсымға толы жүздеген шақырымға созылып жатқан жер асты мешіті,екінші жағынан жер шарындағы шөл даланың түгелге жуық үлгісін көз алдыға келтіргендей керілген кең байтақ шөлейт жатады.

Алыстан көз тартатын осының бәрі кімге болса да, әсіресе осы өлкенің тарихи ескерткіштерін тамашалауға келген туристердің жадында осынау, қайталанбас сұлулық ұзақ уақыт сақталады деп ойлаймын.

## МЕНИҢ ОТБАСЫМ

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Алшын Меңдалыұлы атындағы орта мектептің  
3 сынып оқушысы Мерген Ерасыл  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі  
Саназарова Перизат*

Менің атым – Ерасыл. Оқу үздігімін. «Отан отбасынан басталады» деген ақылды сөзді кітаптан оқыдым. Отбасымда жеті адам бар атам, әжем, әкем, анам, апам, мен және қарындасым. Менің жанұямды, жақындарымды жақсы көремін.

Мен – әжемнің екінші немересімін. Атам мен әжем маған әрқашан мейірімді, әдепті бол,- деп ақылын айтады. Мен үлкен адамға жол беремін, айтқан ақылдарын тыңдаймын. Атам мен әжемнің арқасында барлық әдептілік пен мейірімділікке үйрендім. Мен әжемнің пісірген тәтті бауырсақтары мен тоқаштарын жақсы көремін.

"Әке – асқар тау, Ана – етегіндегі бұлақ, Бала - жағасындағы құрақ" деген мақал бар. Отбасымыздың ақылшысы – жан әкем. Әкемнің аты – Нұржан, ол жүргізуші болып жұмыс істейді. Әкемнің жұмыстан келгенін асыға күтеміз. Себебі әкем жұмыстан келген соң, мен және апам, қарындасым - барлығымыз сурет салғанды жақсы көреміз. Ал демалыс күндері әкемізбен бірге әр түрлі ойындар ойнаймыз. Әкем маған және апам велосипед тебуді үйретті. Жазда біз велосипедпен

жарысамыз, футбол ойнаймыз, ал қыста хоккей ойынына барамыз. Біз асқар тау әкемізді үлгі тұтамыз. Ал аяулы анамның аты – Перизат, мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Анам тамақты өте дәмді пісіреді. Мен атама, әкеме көмектесемін, қарындасымды ойнатамын. Менің әкем мен анам – мейірімді адамдар. Олар менің жақсы оқып, білімді болғанымды тілейді. Апамның аты Набат 3- сыныпта оқиды. Ал қарындасымның аты Айқаракөз ол «Балбөбек» балабақшасына барып жүр. Қарындасым балабақшадан көп өлеңдер мен тақпақтар үйренді.

Мен отбасыма қамқор боламын. Біз отбасымызда бақытты, тату-тәтті тұрамыз. Әр түрлі мерекелер мен туған күндерімізде үлкен дастархан жаямыз, тосын сый жасап, туған-туыстармен бірге тойлаймыз. Менің отбасым - ең үлгілі отбасы.

## МЕНИҢ ОТАНЫМ-ҚАЗАҚСТАН

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Алшын Меңдалыұлы атындағы орта мектептің  
3 сынып оқушысы Магор Самғат*

*Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі Сағызбаева Феруза*

Қазақстан кең байтақ, жасыл желегі мол, пайдалы қазбаларға бай мемлекет. Аспанмен таласқан асқар таулар мен арқырап аққан ағынды өзен-көлдердің бауырайында орналасқан. Қазақстан ынтымағымен, сұлулығымен, тілімен, дінімен әлемге әйгілі әрі ерекше. Біздің елімізде көптеген ұлттар мен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Отанымыздың аспаны ашық, әр таңы арайлы, болашағы нұрлы болса екен деймін. Менің елімнің бейбіт күнінің бетін бұлт баспасын, барлық әлемде бейбітшілік болсын.

Мен қазақ болып туылғаным, ынтымақты елде тұып жатқаным мақтанамын. Мен елімді сүйемін.

## ҚОЛӨНЕР – ЕЖЕЛДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН КӘСІП

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
7 мектеп-лицейінің 6 сынып оқушысы Әділхан Әзима  
Жетекшісі: технология пәні мұғалімі  
Динова Рыскул Толепбергеновна*

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер - әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Онда сан ұрпақтың түрлі материалдарды: ағаш, саз, жүн, металдарды өңдеу тәжірибесі бейнеленген. Көне дәстүрлерді көздің қарашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі: әсем әшекейлерден және шағын ойыншықтардан бастап күрделі кестеленген кілемдерді, тоқыма матадан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдардарын қамтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі, көздің мүлтіксіздігін, колдың дәлдігін және қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің өзіне тән тәсілдермен орындауына жеткізеді.

Қолөнер – ежелден келе жатқан кәсіп. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан - ұрпаққа беріліп отырады. Өнер туындыларының иесін шебер деп

атаған. Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған. Қолөнер дүние жүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді.

## «ТАБИҒАТ- БІЗДІҢ АНАМЫЗ!»

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Алшын Меңдалыұлы атындағы орта мектептің  
3-сынып оқушысы Мерген Набат  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі  
Саназарова Перизат*

Мен өз Отанымның табиғатын жақсы көремін. Қазақстанның табиғаты өте керемет. Қазақстанда көптеген демалыс орындары бар ауасы, табиғаты тамаша!

Мен өзімнің Шетпе кенті мен Ақтау қаласы Каспий теңізін мақтан етемін. Өз Отанымның табиғатын сипаттайтын болсам мұнайымен мақтанамын. Табиғат - тіршілік көзі. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен үлесі мол. Аяулы табиғатсыз өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес еді. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр түрлі. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?!

Бау-бақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады. Аспаннан күннің көзі түскенде, жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонар. Табиғат жайлы өнегелі сөздер, мақалдар мен өлең- жырлар да аз емес. Оның керемет әсемдігін жырлаған, суреттеп жазған ақындар баршылық.

Табиғат көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған ақындардың қатарында Абай Құнанбайұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қасым Аманжолов, Ыбырай Алтынсарин сияқты ақындарды атауға болады. Біз жас ұрпақ – табиғат қорғаны. Атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялап, келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек.

## АСЫЛ ӘЖЕМ

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
1 сынып оқушысы Берікқызы Әсел  
Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі  
Жусипова Кунсауле Жанбирбековна*

Әже - аяулы да ардақты сөз. Әженің ертегісін тыңдағанға не жетсін? Тәттіні де осы әжелеріміз немереме деп сақтаушы еді ғой. Анамыз ұрысқанда да әжемізге барушы едік қой. Асыл әже деп ел бекер айтпаған ғой. Әжеге немере әрқашанда ыстық болады. Сол себепті ардақты әжелерімізді ұмыт қалдырмайықшы!

Асыл әжем, Сәл көрмесем, сағынамын.  
Асыл әжем, Шырағың боп жағыламын.  
Жетелеген арманға,  
Сенен ыстық жан бар ма? Асыл әжем!

## КӨКТЕМ

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
4 сынып оқушысы Ерсұлтанқызы Гүлшат  
Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі  
Молдаева Гулзия Кусепована*

Көктем мезгілінде табиғат толығымен оянады. Көктем келгенін біз өз отбасымызбен қуана қарсы аламыз. Көктемде құстар өлкемізге ұшып келеді. Біз оларға жем береміз, үйшікте жасап береміз. Жеміс ағаштары гүлдейді және жапырақтары бүршік атады. Айналаға шөп өсіп, жердің беті жасыл кілемге айналады. Айналаны алқызыл жауқазын гүлдерінің иісі бүркеп алады.

Наурыз мерекесі 22 наурызда аталып өтіледі. Ол күні әркім өзгеше қарсы алады. Наурыз көже және тағы басқа ұлттық тағамдар пісіріледі. Түрлі ойын-сауық ұйымдастырылып, ән айтылады, би биленеді.

Көктем келе ауа-райы жылынады, жаңбыр жауады, найзағай жарқылдайды. Ауа-райы жылып және көктем соңында ысып та кетеді. Сонымен бірге жазға ұласады. Жаңбыр жауса, кемпірқосақта түрлі-түсті болып көрінеді. Біз оны қуана тамашалаймыз. Көктемде адамдар бау-бақшасына түрлі-түсті жеміс ағаштары, жұпар иісті гүлдер егеді. Оларға су береді, астын қопсытады.

Бұл өсімдіктердің бәрі су және күн нұрымен өседі. Айналасындағы жаман шөптерден тазартады.

Ал дихандар дәнді өсімдіктер егеді. Олар: бидай, арпа және картоп, сәбіз, қызанақ, қияр, орамжапырақ. Оларды өсіріп жетілдіру үшін дихан бабалардың еңбегі мол. Көктемде бізде жеміс ағаштарын егуде ата-анамызға, үлкендерге көмектесеміз.

## КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Алшын Меңдалыұлы атындағы орта мектептің  
3 сынып оқушысы Бегнишова Інжу  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі Маханова Жанна*

Көктемгі демалыста мен Отпан тауға бардым. Ол жақта ауа-райы өзгеше болып, жел, жаңбыр жауып, тұман болып тұрды. Ауа-райының салқын болғанымен әр түрлі шөптердің, жусанның иісі аңқып тұр.

Мен желге қарамай Қарашаңыраққа бардым және күрес алаңын көрдім. Ескерткіштер өте көп: Адай атаның кесенесі, көкбөрі, ана келбеті, қазақтың үш биі, Ақсарай мұражайы. Ақсарай мұражайын тамашаладым. Мұражай алты залдан тұрады.

Маған ұнағаны өнер залы. Оның ішінде қазақтың ағаш үйі, сусын құятын саба, жүгері, арпа түйіп ұн дайындайтын болған. Нұрлы жол көшіндегі Маңғыстау залында қазақтың батырларының суреті қойылған және қазақтың батырларының киген сауыты қару-жарақтары, қалқан, шоқпарды көрдім.

Ислам залында Бекет атаның, Шақпақ атаның, Сұлпанепа жер асты мешіттерінің макеттерін көрдім. Дала данышпан залында Президенттің, Гербтың, тудың суреттерін көріп, осы витринаның қасына суретке түстім. Мұражай маған қатты ұнады. Отпан тау өте әдемі жер екен. Өзімнің достарымды, сыныптастарымды Отпан тауды көруге шақырамын.

## ДЕНСАУЛЫҚ

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
4 сынып оқушысы Құлтөре Үкілімай  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі  
Жусипова Кунсауле Жанбирбековна*

Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние.

Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш – жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек. «Денсаулық – зор байлық» дейді қазақ. Біреулер денсаулықты әсемдікпен, әдемілікпен байланыстырады. Енді біреулер үшін денсаулық — күш-қуат, ерік-жігер, салауатты ой сана. Шындығында, біздің денсаулығымыз қоршаған ортамызға, тыныс-тіршілігімізге тікелей байланысты. Денсаулығына деген қажеттілік әр жаста әртүрлі көрініс береді. Денсаулығы жақсы болуы үшін, ортасына лайық болуы үшін дұрыс тамақтану керек.

Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық – денсаулық. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну. Денсаулық — тек жеке бастың ғана емес, ұлтымыздың да ұлы игілігі. Соны ескере отырып, салауатты өмір салтын ұстануға ұмтылайық!

## ЖҰМБАҚ ТАР

*Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы  
Берекет Жұмалиев атындағы орта мектебінің  
4 сынып оқушысы Асқар Рамазан  
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі  
Молдаева Гулзия Кусепована*

Б-дан егер бастасаң,  
Туысқаны боламын.  
Б-ны алып тастасаң,  
Салмақтыңың бірімін.  
(Бауыр, ауыр)

Қ-ны қосып оқысаң,  
Қыстың сәні мен едім.  
Қ-ны алып тастасаң,  
Ер намысы мен едім.  
(Қар, ар)

Егер с-дан бастасаң,  
Мамематика керегі,  
Егер н-дан бастасаң,  
Тіршіліктің тірегі.  
(Сан, нан)

Егер ш-дан бастасаң,  
Әженің шөлін қандырам.  
Ш-ны алып тастасаң,  
Түнде жанар жарықпын.  
(Шай, ай)



Бекітемін:

ДБСЖО:Ш.Смаилова

**Мұғалім: Билдабекова Фарида Исраиловна**

<b>Математика (Үйірме) Сыныбы:</b> 3 «Л»	<b>Мерзімі:</b> 13.12.2017	<b>Пән мұғалімі:</b> Гулзар Башарова
Сабақтың тақырыбы	<i>Көбейту мен бөлуге арналған есептер</i>	
Сабақтың жалпы мақсаты	-Оқушыларға білім, білік дағдыларын игерту; -Шығармашылық қабілеттерін арттыру; -Зейін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу;	
Күтілетін нәтиже	Шапшаң есептеу қабілеттерін дамытуға тәрбиелеу.	
Көрнекіліктер	Плакаттар, сызбалар, сандар, амалдар кеспесі.	
Сабақтың ұйымдастырылу барысы: Оқушыларды ұйымдастыру, / сәлемдесу / топқа бөлу Сабақ барысында жасалған мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеті		
<p>Миға шабуыл</p> <p>Ой қозғау</p> <p>9 санынан 5 есе артық санды жаз</p> <p>Көбейтіндінің мәні 32-ге, бірінші көбейткіш 8-ға тең.</p> <p>Екінші көбейткіш нешеге тең?</p> <p>Белгісіз санды 6 есе кеміткенде, 9 саны шықты. Белгісіз сан нешеге тең?</p> <p>Белгісіз санды 6-ке кеміткенде, 9 саны шықты. Белгісіз сан нешеге тең?</p>		
<p>Мағынаны тану</p> <p>1. Өрнектің мәнін тап.</p> <p><math>50:5*2:10*7:2*8:7*8:64=</math></p> <p><math>7*5:5*10:2*3:5=</math></p> <p>2. <math>136*3</math>    <math>588:4</math>    <math>207*2</math></p> <p>    <math>127*5</math>    <math>540:6</math>    <math>315*3</math></p> <p>    <math>94*4</math>    <math>492:6</math>    <math>321*9</math></p> <p>3. Тиімді тәсілмен есепте:</p> <p><math>90*(2*5)</math>    <math>150*(2*9)</math>    <math>240:(10*3)</math></p> <p><math>560:(10*7)</math>    <math>31*(3*100)</math>    <math>(300+50):7</math></p> <p>4. Өрнектердің мәндерін тап.</p> <p><math>90:5+62:2</math>    <math>(42-26)*(64-58)</math></p> <p><math>78:3-85:5</math>    <math>(27+15):(60:20)</math></p> <p><math>84:6+16*4</math>    <math>(57+27):(61-58)</math></p> <p>«Өзіндік және бақылау жұмыстары» оқушыларға арналған қосымша дәптерден тапсырмалар орындалады.</p>		
<p>Ой толғаныс</p> <p>-сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру</p> <p>Оқушылардың ойларын сұрап, сыныппен ақылдасып, жасаған жұмысты қорытындылап, сабақты тұжырымдау</p>		
Бағалау	Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды мадақтау	

Әдебиеттік оқу. 4 «Ә» сынып	Күні: 15.11.2017ж	№ 3 сабақ	Кабинет: 39
Сабақтың тақырыбы:	Оспанхан Әубәкіров. Ара мен Шыбын.		
Сілтеме	Әдебиеттік оқу оқулығының әдістемесі		
Сабақтың мақсаты:	Автордың өмірі туралы мағлұмат беру. Жеке қабілеті мен белсенділігіне сүйене отырып, мысалдағы негізгі ойды ашып сындарлы ойлату. Әдептілік туралы түсінік беру.		
Күтілетін нәтиже:	Автордың өмірі туралы мағлұмат бере алады. Жеке қабілеті мен белсенділігіне сүйене отырып, мысалдағы негізгі ойды ашып сындарлы ойлай алады. Әдептілік туралы түсінік бере алады.		
Модульдердің сабаққа кіріктірілуі:	Сыни тұрғыдан ойлау, АКТ-ны, Диалогтік оқыту, Оқыту үшін және оқуды бағалау, Оқытудағы басқару және көшбасшылық.		
Көрнекілігі:	Интербелсенді тақта, оқулық, жұмыс дәптер, постер.		
Тапсырмалар:	Автор туралы қысқаша дерек. Оқулықпен жұмыс: Сөздік жұмыс, шығармашылық жұмыс, сипатау жаз: «Кім ақын?» тапсырмасы, мысал бойынша мақал-мәтел тауып айту.		
Сабақтың түрі:	Жаңа сабақты түсіндіру		
Сабақтың әдісі:	«10 сұрақ» стратегиясы, Ой қозғау: «Мұғалім-оқушы», «Әңгіме кестесі», «Венн» диаграммасы		
Қолданылатын ресурстар:	Оқулық, А2, қосымша материалдар, суреттер, бағалау парақшасы, постер, слайд		
Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
Ұйымдастыру кезеңі	Ұйымдастыру бөлімі Психологиялық дайындық – Амандасу, оқушылардың бар назарын сабаққа бағыттау. Адамның күлкісі - әлемдегі ең ғажайып құбылыстардың бірі. Адам күлкінің көмегімен таныса да, қоштаса да алады. Жымыс біздің сезіміміздің сарасының ашылуына жол ашады. Күлкі арқылы көңіл – күйлеріңді білдіріп	Оқушылар амандасады, назарларын сабаққа аударады. Балалар бір-біріне өз күлкілерін сыйлап, рахмет айтады. Топқа бөлінеді. I-топ: «Оқу» II-топ: «Жазу» III-топ: «Өнер»	
Үй тапсырмасын тексеру		Үйге берілген тапсырманы орындайды.  Оқушылар сұрақтар	

	<p>көріңдер. Бір – біріне жымыып, күлкілеріңді сыйлаңдар. Рахмет! Ендеше сабағымызды бастайық. – Оқушыларды топқа бөлу: оқу, жазу, өнер сөзін айтқызу арқылы топқа бөлу. – Балалар, үйге берілген тапсырманы тексеріп жіберейік. Үй тапсырмасына дайынбыз ба? <b>«10 сұрақ» стратегиясы</b> арқылы үй тапсырмасынан сұрақтар беріледі. 1.А.Байтұрсынұлы кім? 2.А.Байтұрсынұлының кітабы қандай атпен шықты? 3.А.Байтұрсынұлының шығарған кітабы қалай аталады? 4.Мысал дегеніміз не? 5.Мысалдың негізі ойы қандай? 6.«hәм» қандай мағынаны білдіреді? 7.Фибрат сөзінің мағынасы қандай? 8.Бірлік,ынтымақты ралы мақал айтып көр 9.Мысалда аққу,шаян,шортан жүкті қайда,қалай тартты? 10.Крылов кім?қай елдің ақыны? «Аққу,шортан hәм шаян» 3 топтан жатқа айтады.</p>	<p>жазылған стикерді алып, әр топтан 3 оқушыдан тапсырманы оқып, танысып сұраққа жауап береді. Өлеңді жатқа айтады. 3 оқушы 3 топтан мысал өлеңді жатқа айтады.</p>		<p>мен шыбынның адам өміріндегі маңызы қандай? Ол үшін 3 топқа 3 тапсырма беріледі: I топ: «Оқу» тобына: шыбын туралы II топ: «Жазу» тобына: ара таруалы III топ: «Өнер» тобына: Ара мен шыбынды салыстыру «Венн» диаграммасын сызу</p> <p><b>Жаңа сабақ:</b> Ендеше бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы «Ара мен шыбын» деп аталады. Авторы Оспанхан Әубәкіров.</p>	
<p>Білу</p> <p>Сабақтың мақсатын хабарлау</p> <p>Жаңа сабақ</p>	<p><b>Ой қозғау:</b> (шыбын мен ара туралы суреттер көрсету) Суреттерден не көрдіңіздер? Ара мен шыбын туралы не білеміз? Олардың пайдасы мен зиянын анықтайық? Ара мен шыбын қандай жәндік? Ара</p>	<p>Суреттерді көргеннен кейін және тапсырмаларын оқығаннан соң, оқушылар өз топтарына берілген тапсырманы орындайды,пост ермен қорғайды.</p>	<p>Түсіну</p> <p>Қолдану</p> <p>Дәптермен жұмыс:</p>	<p><b>Автор туралы қысқаша дерек.</b> Оспанхан Әубәкіров (1934-1986) 4 мамырда Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Үшбұлақ ауылында туған. Құрманғазы атындағы Алматы Өнер институтының театр факультетін бітірген. Мамандығы актер болғанымен, өзінің шығармашылық мұратын сатирадан тапқан. Оның «Қоңырау», «Бөдене», «Күлкіңіз келе ме?», «Анау мен Мынау», «Бір дорба», т. б. көптеген жинақтары бар.</p> <p>Оқулықпен жұмыс: «Ара мен Шыбын» мысалысын ұнтаспа арқылы балаларға тыңдатамын. Өлеңді ұнтаспадан тыңдайды. I топ: «Оқу» өлеңді мәнерлеп оқытады II топ: «Жазу» өлеңнен түсінгенін жазады III топ:</p>	<p>Балалар мысалдың автормен танысады.</p> <p>Балалар мысалыны ұнтаспадан тыңдайды, өлеңді мәнерлеп оқиды,сахналай ды,өлеңді мазмұндап жазады. Топ бойынша жұмыстарын қорғап шығады.</p>



Сергіту сәті	«Өнер» тобы: өлеңді сахналау <b>Сөздік жұмыс:</b> <b>нығымдап-</b> нығарлап, батыл түрде <b>Жұғындап</b> — түртінектеп, әр жерден бір іздеп Сөздіктерді дәптерге жазып алу. Балалар « <b>Достық</b> » тақырыбына арналған мақал-мәтелдерді жатқа айтады. Бір-бірінің айтқан мақалын қайталамай айтады.	Оқушылар сөздікті дәптерге жазады.  Шеңберге тұрып, бір-бірінің мақал-мәтелдерін қайталамай айтады.
Талдау	« <b>Мұғалім-оқушы</b> » әдісі арқылы балалар сұрақтарға жауап береді. Жеке жұмыс ретінде және үндемей қалып отырған оқушыны сөйлету. <b>I-топ: «Оқу»</b> 1. Шыбын Араға не деді? 2. Ара оған неге бірден келісе салмады? <b>II-топ: «Жазу»</b> 1. Қонақ күтуге шыбындардың дайын еместігі жөнінде мәтінде не делінген? 2. Егер сен араның орнында болсаң не істер едің? <b>III-топ: «Өнер»</b> 1. Шыбынның қонақ күткісі келмей тұрғанын оның қай сөздерінен байқауға болады? 2. Мысалда адамдардың қандай қылығы сыналады?	Топ ішінен отырған оқушыны тақтаға шақырып, сұраққа жауап береді.
Жинақтау	<b>I-топ: «Оқу»</b> <b>Сипаттап жаз:</b> <b>II-топ: «Жазу»</b> <b>«Кім ақын?» тапсырмасы.</b> Үш топқа өлең бойынша ұйқас табу тапсырмасы беріледі. Келді араға Шыбын Жиып жатқан ( <b>шырын</b> ,) Шақырды Шыбын қонаққа. Ара келсе кешігіп,	<b>Зтопқа :</b> 1 топ: <b>«Оқу»</b> тобына кестені толтыру  2 топ: <b>«Жазу»</b> тобына: «Кім ақын?» ұйқасын табу 3 топ: <b>«Өнер»</b> тобына «Әңгіме кестесін» жазады, қорғайды.

	Жатып қапты ( <b>шешініп</b> ,)	
Бағалау	Қызыл жұлдызша – 5. Сұрақтарға толық жауап беруі. Кез – келген тапсырмаға дайын, ойын дәлелді түрде жеткізуі. Жасыл жұлдызша – 4. Сұраққа жауап беріп, 10 сұрақтың 8- не жауап беру. Сары жұлдызша – 3. Сабаққа дұрыс қатыспай, дайын емес Баланы бағалайды.	Қызыл жұлдызша – 5. Жасыл жұлдызша – 4 Сары жұлдызша – 3.
Кері байланыс	«Бір сөйлеммен түйіндеу» Шыбын мен Араның әрекетіне баға бере отырып, мысалдан өзіңе не түйдің? Қандай мақал айтуға болады? 1. Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады. 2. Қонақ асыңа емес, қабақ — қасыңа риза.	Өз ойларын бір сөйлеммен түйіндеу  Мақал – мәтелдер айту
Кейінгі оқу	Мысал өлеңді жаттау Ара мен шыбынның суретін салу	

БҚО. Теректі ауданы Подстепный №1 ЖОББМ  
